

Данилова Д. Б., Жұмашева А. Д.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Құқықтану»
мамандығының 2 курс студентері, Қызылорда қаласы, Қазақстан Республикасы
E-mail: diana_danilova2000@mail.ru, azhumasheva0027@gmail.com

ORCID ID 0000-0003-3282-1535

Ғылыми жетекші: Жумагулова Шолпан Рустемқызы
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
«Құқықтану» кафедрасының аға-оқытушысы, з.ғ.к

E-mail: jumagulova_sholpan@mail.ru

ORCID ID 0000-0002-2033-6260

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТЕРРОРИЗММЕН КҮРЕСУДЕГІ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ САЯСАТЫ

Danilova D. B. & Zhumasheva A. D.

Kyzylorda State University named after Korkyt Ata
Speciality «Jurisprudence» 2-nd year students
Kyzylorda city, the Republic of Kazakhstan

E-mail: diana_danilova2000@mail.ru, azhumasheva0027@gmail.com

ORCID ID 0000-0003-3282-1535

Scientific supervisor: Zhumagulova Sholpan Rustemovna
Kyzylorda State University named after Korkyt Ata
Pulpit «Jurisprudence» senior teacher, Candidate of Law

E-mail: jumagulova_sholpan@mail.ru

ORCID ID 0000-0002-2033-6260

CRIMINAL LEGAL POLICY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN ON COMBATING TERRORISM

Annotation: They discussed the laws against terrorism. We consider a special comprehensive measures to no tolerance of terrorist threats and dangers. And also discussed the types and methods of terrorist threats and dangers. Social danger of these offences was proved.

Keywords: terrorism, terrorist.

Аннотация: Терроризм күресу туралы заңдары талқыланды. Террористік қауіп-қатердің жол бермеу мақсатында арнайы кешенді іс-шаралар қарастырылды. Террористік қауіп-қатерлердің алдын алу түрлері мен әдістерін жетілдіру жолдары талданды. Бұл қылмыстардың қоғамдық қауіптілігі дәлелденді.

Түйін сөздер: терроризм, террорист.

Терроризм – халықаралық сипатқа ие болған, қазіргі замандағы ең қауіпті және дертті індет болып табылатын қылмыстардың бірі. Бұл індет психологиялық тұрғыдан қысым көрсете отырып, мемлекеттер арасындағы қатынасты бұзып, соғыс пен өшпенділікті туғызады. Латын тілінен аударғанда «террор» (terror) деген сөз «қорқыныш, үрей» деген мағынаны білдіреді. Қазақстан Республикасының «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңында терроризмге - қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты үрейлендіру, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттердің және халықаралық ұйымдардың шешім қабылдауына ықпал ету мақсатында не мемлекет не

қоғам қайраткерлерінің қызметін тоқтату немесе осындай қызметі үшін кек алу мақсатында жеке тұлғаларға немесе ұйымдарға қатысты құқыққа қарсы қылмыстық жазаға тартылатын әрекет немесе оны жасаймын деп қорқыту – деген анықтама береді [1]. Осы Заң терроризмге қарсы іс-қимылдың, терроризм профилактикасының, терроризмнің зардаптарын барынша азайтудың және (немесе) жоюдың негізгі принциптерін, мақсаттарын, құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін, сондай-ақ терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы қызметті жүзеге асыруға байланысты адам мен азаматтың міндеттері мен құқықтарын, оларды сақтау кепілдіктерін белгілейді.

Тарихи тұрғыдан алғанда бұл қылмыс саяси күрес жолы ретінде пайда болды және ол жүзжылдықпен емес мыңжылдықпен есептеледі. Дегенмен, ол XIX ғасырдың орта кезінен бастап қазіргі таңда аса қауіптілікке ие болып, кең етек жая түсті. Терроризм кез келген жолдармен жасалуы мүмкін, солай бола тұра ол қашанда мемлекеттік билікке нұқсан келтіруге халықтың бойына сенімсіздік пен үрей туғызуға бағытталған. Терроризмнің қоғамдық қауіптілігінің жоғары дәрежесі оны жасаушы субъектілердің айналасындағылардың бойында үрей, дүрлігіс тудыруға ұмтылыс арқылы азаматтардың әлеуметтік пайдалы қызметтің құтын қашырып, билік пен басқару органдарының ойдағыдай қызмет жасауына қол сұғатын және сонысымен өзінің қоғамға қарсы мақсатына жететін қылмыстық қол сұғушылықтың қауіпті жолдары екендігімен көрінеді.

Халықаралық арақатынастардың ерекше аясы болып терроризм болып табылады. Алайда көптеген ғалымдар, бұл мәселелерді әлемдік қатынастардың жаһандануымен байланыстырады. Қазіргі заман өзінің күрделі қатынастарының қиындай түсуімен және рухани құндылықтарға кері көңілмен қараудың тенденциясымен түсіндірілетін адам және қоғам, қоғам және мемлекет, мемлекет және әлемдік қауымдастық арасындағы қарым қатынастардың шиеленісуіне әкеліп соқтырады [2].

Терроризм мәселесі соңғы уақытқа дейін елімізде ұлттық қауіпсіздікке нақты қауіп төндіретіндей дәрежеде емес, ал ықтимал қауіп-қатер ретінде ғана қарастырылып келді. Сондықтан да болар, еліміздің ұлттық қауіпсіздік жүйесі басқа қатерлерге қарсы, айталық этносаралық шиеленіс, есірткі тасымалының жолын кесу, заңсыз миграция сияқты қауіп-қатерлерге төтеп беруге бейімделген еді. Қазақстандық және шетелдік сарапшылар да терроризм проблемасы Қазақстанға төніп тұрған нақты қауіп емес, ал Орталық Азиядағы жалпы ахуал аясында қарастырып келді. Қоғамдық пікірде де терроризм Қазақстанда негізінен сыртқы қауіп-қатер ретінде қабылданды. Осы зұлымдықпен ондаған жылдар бойы күресіп келе жатқан басқа елдердің тәжірибесін зерттеп қарасақ, бірден байқайтынымыз - бірлігін шайқалтып, қаншама себептермен іштей бөлініп, жіктеліп отырған қоғам, ел, мемлекет ғана осы қауіптің құрбанына айналуы ықтимал. Сондықтан, осы да, басқа да қазіргі заманның сынақтары мен қатерлеріне қарсы тұру үшін - ең алдымен, қоғамның жіктелуіне, бөлінуіне жол бермеу керек. Дегенмен, аймақтағы басқа елдермен салыстырғанда Қазақстанда террористік іс-әрекеттерді анықтау және оның жолын кесу үшін заңнамалық және ұйымдастырушылық негіздерді жасау және жетілдіру жөнінде айтарлықтай жұмыстар атқарылды. Қазақстан өзі тарапынан аймақтық бейбіт өмірді, қауіпсіздікті және тұрақтылықты қамтамасыз ету, сонымен қатар, демократиялық, әділ және ұтымды саяси, экономикалық халықаралық тәртіп орнату үшін қолынан келгеннің бәрін жасап жатыр.

1999 жылғы шілдеде республикада терроризмге қарсы күрестің құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін, мемлекеттік органдардың және барлық меншіктік формаларындағы ұйымдардың қызмет тәртібін, сондай-ақ терроризмге қарсы күресті жүзеге асырумен байланысты азаматтардың құқықтарын, міндеттері мен кепілдіктерін айқындайтын «Терроризмге қарсы күрес туралы» заң қабылданды. Қазіргі таңда бұл заңға

біршама өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп, заңның аты мен кейбір баптардың мәтіні өзгерді. Аталмыш заңға сәйкес - терроризмге қарсы іс-қимылдың негізгі принциптері мен мақсаттары: террористік қылмыстар жасау салдарынан қауіп төнген адамдардың өмірі мен денсаулығына, құқықтарына басымдық беру; заңдылықты сақтау; терроризмге қарсы іс-қимыл шараларының террористік қауіп дәрежесіне мөлшерлес болуы; терроризмнің алдын алуға басымдық беру; террористік іс-әрекетті жүзеге асырғаны үшін жаза болмай қалмайтындығы; профилактикалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық шараларды кешенді пайдалану; терроризмге қарсы операцияларды жүргізу кезінде тартылатын күштер мен құралдарға оралымды басшылық етуде дара басқару принциптеріне негізделеді. Қазақстанда терроризмге қарсы іс-қимыл: террористік іс-әрекетті анықтау, оның алдын алу, жолын кесу, терроризм профилактикасы, терроризм зардаптарын барынша азайту және жою; жеке адамды, қоғамды және мемлекетті терроризмнен қорғау; террористік іс-әрекетті жүзеге асыруға жәрдемдесетін себептер мен жағдайларды анықтау және жою мақсатында жүзеге асырылады.

2003 жылғы желтоқсанда Президенттің жарлығымен терроризмнің және діни экстремизмнің көріністерімен күресте барлық қауіпсіздік қорғау құрылымдарының неғұрлым тиімді жұмыс істеуі үшін Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Терроризмге қарсы күрес орталығы құрылды және оған барлық арнайы құрылымдардың, құқық қорғау органдарының және өзге де ведомстволардың қызметін үйлестіру жүктелді. 2006 жылғы қазанда ҚР Бас Прокурорының мәлімдемесі бойынша ҚР Жоғарғы Сотымен келесі халықаралық ұйымдар террористік деп танылып, олардың Қазақстан территориясындағы қызметіне тыйым салынды: «Әл-Каида»; «Шығыс Түркістан ислам партиясы»; «Күрд халықтық конгресі»; «Өзбекстан ислам қозғалысы»; «Әсбат-әл-Ансар»; «Мұсылман бауырлары»; «Талибан» қозғалысы»; «Боз Күрт»; «Орталық Азия моджахедтер жамағаты»; «Лашқар-и-Тәйба»; «Әлеуметтік реформалар қоғамы». Кейін Астана қаласы сотының шешімімен сондай-ақ «Хизб-ут-Тахрир-әл-ислами», «Аум Синрике» және Шығыс Түркістанды азат ету ұйымы ұйымдарының қызметіне тыйым салынды [3].

Көріп отырғанымыздай, аталмыш «қара тізімге» енгізілген барлық ұйымдар халықаралық террористік құрылымдар болып табылады, олардың қызметі көбінесе Қазақстанның айналасына, көрші елдерге қарсы бағытталған болатын. Бұл жағдай олардың бізден гөрі сыртқы елдерге төніп тұрған қауіп-қатер екенін растағандай болды. Осы тұрғыда Қазақстан ТМД Терроризмге қарсы күрес орталығы, Шанхай Ынтымақтастық ұйымы Терроризмге қарсы аймақтық құрылымы сияқты ұйымдардың мүшесі бола отырып, терроризм мен экстремизмге қарсы күрес желісінде халықаралық ынтымақтастықты белсенді түрде дамытты және дамытып келеді. Батыстан да, шығыстан да болсын халықаралық террористік ұйымдары қауіптерінің тамырлары негізі бір: бұл жеке күштердің билікке ұмтылысы, сепаратистік көріністер, террор саяси күрестің қорқыту әдістері мен құралдарының бірі болып қарастырылады. Қалыптасқан жағдайдан шығу жолында бірқатар маңызды сұрақтарды көрсету дұрыс болып табылады, олар қосымша ойластыруды қажет етеді. Қазақстандағы терроризммен күрес саласындағы қазіргі жағдай терроризмге қарсы тұрудың біртұтас мемлекеттік жүйесін қалыптастыру мәселесімен өзектендіріледі.

Қазақ исламының идеологиялық негізінің нақты аспектілері қалыптасуы бойынша бағытталған әрекеттер өте маңызды болып табылады, ол елдегі әлеуметтік-саяси атмосфераға тікелей әсер етуі мүмкін және кезекті позитивті өзгерістердің кумулятивті эффектін құруы мүмкін. Террористер игі идеяларды жамылады, психологиялық ерекшеліктерді, мотивациялық аспектілерді жақсы қолданады. Бұл жағдайда мемлекеттің өзі террористік ұйымдардан озық жұмыс істеуі керек және бұл мемлекеттің шаралары

басқа, деструктивті, антипатриоттық идеялар мен ұрандарға қарсы иммунитет пен психологиялық тұрақтылықтың көтерілуіне ықпал етеді.

Ең бастысы қауіптің алдын алу, террористің қауіптілігін болжау: қоғамдағы құбылыс пен процеске әсер ету, мемлекеттік және қоғамдық қайраткерлерге қарсы лаңкестік әрекеттерге жол бермеу, кінәлілерді ұстап алу және ұстап беру болып табылады. Террор мен терроризмнің жүзге жуық түрі бар, бірақта оның ешқайсысы анықтауға келмейді.

Қорыта айтқанда, террористік қауіп-қатердің артуына жол бермеу мақсатында арнайы кешенді іс-шаралар қолдану қажет. Террористік қауіп-қатерлердің алдын алу, анықтау, айыру және оның салдарын барынша азайту және де террористік қызметті жүзеге асыруға ықпал ететін себептерді жою қажет. Біз жұмысымызды терроризмді зерттеуден бастадық. Ол біздің ойымызша өз кезегінде терроризмнің не екенін тек нақты идеялар барысында, яғни оның мәнін түсіну және көздерін анықтау мүмкін емес секілді, оның себептері және мотивтері қандай, осы күрделі және қауіпті құбылыс үшін тиімді әдіс жыне анықтау бойынша іс-шаралар әзірлеу негіз бола алады. Террорлық жолмен табыс табатын адамдар өздерінің тек материалдық ғана емес, барлық жалпы теңдіктің салтанаты үшін шешетінін елестету мүмкін емес. Стратегиялық инфрақұрылым объектілерін, сондай-ақ мемлекеттік маңызы бар басқа да объектілерді ғана қорғауға ерекше ден қоймай, сонымен қатар терроризмнің салдарынан болған төтенше жағдайларда тұрғындарды да қорғауға бағытталған шараларды да қатар күшейту. Уақытылы және білікті түсіндіру жұмыстарын жүргізу бойынша жүйені ретке келтіруге ерекше назар аудару қажет. Себебі объективті, уақытылы және теңгерімді ақпарат беру түрлі деңгейдегі қауесеттердің орын алуына және басқа да арандатушылыққа жол бермеуге мүмкіндік береді. Бірақ, ең бастысы терроризм қауіпі тек мемлекеттің жазалаушы қызметінің күшеюіне, немесе арнаулы қызметтерді нығайтуға ғана негізделмей, ал бірінші кезекте, терроризмнің таралуына ықпал ететін алғышарттар мен себептерді жоюға бағытталуы қажет. Осылайша, күш-жігерді біріктіру және терроризмге қарсы тұрудың барлық күштері – қоғам және біз адамдар! Әсіресе қазіргі уақытта, елдерде террористік топтар пайдаланатын экономикалық дағдарыс болған кезде, біз халықтың бейбіт өмірін қамтамасыз ету үшін түбірінде террористік ұйымдарды жоюымыз керек.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңы (12.07.2018ж. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).
2. Ағыбаев А.Н. ҚР қылмыстық кодексіне түсіндірме. – Алматы, 2010.
3. Дүйсебаев Ж. Діни экстремизммен күрес күшейтілуі тиіс. «Егемен Қазақстан» газеті, 02 қаз 2014.